




2.2.2. Палладийдің фосфинді комплекстерін синтездеу

Дихлоробис(трифенилфосфин) (II) палладийді синтездеу



Сары кристалдық ұнтақ, ауада тұрақты. Хлороформда және метиленхлоридте жақсы ериді, бензолда нашар ериді; суда, ацетонда, эфирде, көміртек тетрахлоридінде және гептанда ерімейді.

Алынуы [37]



0,5 мл концентрлі HCl мен 150 мл су қоспасындағы 3,5 г PdCl₂ ерітіндісін жайлап араластыра отырып, 300 мл этанолдағы 9 г трифенилфосфиннің жылы (30-35⁰C) ерітіндісіне қосады. Қоспаны араластыра отырып, 60⁰C кезінде 3 сағат бойы ұстайды, бұл кезде сары тұнба түзіледі. Оны сүзіп, сүзгіде 100 мл-ден сумен, спиртпен және эфирмен жуады. Өнім шығымы 11,5 г. Хлороформдағы ерітіндіден гексанмен қайта тұнбаға түсіру арқылы қосымша тазалауға болады.

Палладий ацетилацетонатын синтездеу

